

2025-2026 оқу жылы

2025-2026 оқу жылы 3 ақпан мен 12 ақпан аралығында өтетін Қазақ тілі және әдебиет пәні апталығының жоспары мен талдауы

Пән апталығының тақырыбы: «Тілдің мерейі – елдің мерейі»

Эпиграф:

Қазақ тілім-өз тілім, ана тілім

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені

Болашағым, бақытым, дара тілім. (М.Жұмабаев)

Апталықтың мақсаты: Оқушылардың қазақ тіліне деген ынтасын жандандырып, тілді құрметтеу, өзін құрметтеу, тіл – біздің ертеңіміз, тіршілігіміз, өміріміз екенін түсіндіру, ана тілге деген құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру

Мемлекеттік тілді құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету
Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін және ой – өрісін дамыту, тіл құдіретін таныту

Міндеттері:

1. Түрлі буындарда сыныптан тыс іс – шаралар өткізу
2. Жаңартылған білім мазмұны аясында түрлі әдіс – тәсілдерді сабақтарда, іс-шараларда қолдану
3. Тілге құрмет көрсету, достыққа, бірлікке тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

№	Уақыты	Іс- шаралар	Сынып	Жауапты мұғалімдер
1	03.02	Қазақ тілі апталығының салтанатты ашылуы	2-9 сынып	Сейдахметов Е.Т Нурманова Р.Н Кенжалиева А. П
2	04.02	«Тәуелсіздік – тәңірдің сыйы» (сурет байқауы)	3 сынып	Кенжалиева А. П
3	05.02	«Миллион кімге бұйырады?» Ойыны	5-7 сынып	Кенжалиева А. П
4	06.02	«Бір мақал – бір бауырсақ» Акциясы	9 сынып	Кенжалиева А. П
5	07.02	«Қазақшаңыз қалай?» Викторина	8 сынып	Кенжалиева А. П
6	10.02	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы	9 сынып	Кенжалиева А. П

03.02. Қазақ тілі апталығының салтанатты ашылуы

Ашылу салтанатына ұстаздар қауымы мен мектеп оқушылары қатысты. Іс шараның ашылу салтанаты Райхан Нуруллаеваның орындауындағы "Келіншек" күйімен ашылды. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Кенжалиева А.П. апталықтың жоспарымен таныстырып өтті. Салтанатты ашылу 2-9 сынып оқушыларының орындауындағы "ҚР әнұраны" әнімен аяқталды. Қазақ тілі мұғалімі Кенжалиева А.П.

<https://www.instagram.com/p/DFmZ8SyImJa/?igsh=ODNsZG04bGd5MnVi>

04.02. «Тәуелсіздік –тәңірдің сыйы» сурет байқауы

«Тәуелсіздік –тәңірдің сыйы» атты тақырыбындағы сурет байқауы 2–3 сынып оқушыларының арасында ұйымдастырылды. Басты мақсат – өскелең ұрпақтың Отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу, балаларды жалпыазаматтық құндылықтарға және мәдениетке тарту, сондай-ақ талапты шәкірттердің суретшілік өнерін дамытуға және көпшілікке насихаттауға бағытталған болатын.

Әрбір суреттің ерекшелігі мен мағынасы бар және зор ынтамен салынған. Ұсынылған жұмыстардан таңдап алынған тақырыпқа жеке көзқарастарды көруге болады. Бұл байқау балалардың арманы мен қиялының шексіз әлем екендігін танытқаны даусыз. Олардың жұмыстарындағы тәуелсіздік тақырыбы сан қырынан баяндалады.

«Тәуелсіздік –тәңірдің сыйы» тақырыбында ұйымдастырылған байқаудың қорытындысы шығарылып, оқушыларға алғыс хаттар мен грамоталар берілді.

https://www.instagram.com/p/DFzj0MVIHKF/?utm_source=ig_web_copy_link

05.02 «Миллион кімге бұйырады?» танымдық ойын

5-7 сыныптар арасында «Миллион кімге бұйырады?» танымдық ойын өтті.

Іс- шараға оқушылар белсене қатынасты.

Мақсаты: оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, ізденімпаздыққа, өз бетімен еңбектенуге тәрбиелеу, танымдық білімдерін арттыру. Ойын арқылы білім беру, ойлау, ой-өрісін, логикалық қабілеттерін дамыту;

Байқампаздыққа, шапшаң болуға, тапқырлыққа баулу

https://www.instagram.com/p/DFsMOOgImLr/?utm_source=ig_web_copy_link

06.02. Бүгін 2025 жылдың 6 ақпанында мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті апталығы аясында “**Бір мақал - бір бауырсақ**” акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты ана тіліміздің мәртебесі мен ұлттық дәстүрімізді ұлықтау. Қазақ тіліне деген құрметтің жоғары екендігін көрсете білу. Акцияға мектеп оқушылары мен мектеп мұғалімдері белсене қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DFua04xP9lp/?utm_source=ig_web_copy_link

07.02. 2025 жылдың 7 ақпанында 8 сыныпқа «Қазақшаңыз қалай?» сайысы өтті.

Мақсаты: Оқушылардың қазақ тілін терең меңгеруге құштарлықтарын ояту, қазақ тілінің кең қанат жаюына үлес қосуға, мақтан тұтуға тәрбиелеу.

Қазақстанның, қазақ тілінің құдіреті туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;

Тіл әуезділігін , көркемдігін, байлығын , шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын , ой өрісін дамыту; Тіл тазалығын сақтау , мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіре отырып, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру.

https://www.instagram.com/p/DFzj4-aoZWv/?utm_source=ig_web_copy_link

10.02 .2025 жылдың 10 ақпанында «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы өтті.

Оқушыларды «Сөз мәйегі — мақал» дегендей, Ата–бабаларымыздың өсиетін қадыр тұтуға, мақал- мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихи шежіресін білуге, әдет – ғұрып, салт-дәстүрді сыйлауға баулу.

Мақсаты: ана тілі туралы кең түсінік бере отырып тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой өрісін дамыту, мақал – мәтел, жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге, қиыннан қиыстыра білуге үйрету.

Тәрбиелік мәні: адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу. Ата – бабаларымыздың өсиетін қадыр тұтуға, мақал - мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихи шежіресін білуге, әдет – ғұрып, салт - дәстүрлі сыйлауға баулу.

https://www.instagram.com/p/DF5RkSho3xh/?utm_source=ig_web_copy_link